# БАЛТЫР

Шайды ол сылбыр ішті. Келіншегі оны үнсіз барлады. Ішін байқата бермейтін күйеуінің қабағы келіспей отыр. Соны қырпынан аңғарған ол назарын төмендете берді. Бір-бірін іштей ұғудан әріге бармайтын ерлі-зайыптылардың отбасы қашаннан тыншу еді. Құрбы- құрдастары бұларды «үндеместер» деп ілмелейді. Байыстың тіні берік, қауызы катты. Тәйкемсоқ долылыққа жоқ Зүпіштің аздаған кінәмшіл әдеті бар. Не болса соны көңіліне алады. Болмашыға бордай үгітіледі. Байыс сурет салуға кішкене кезінен әуестенді. Ауыл сыртындағы тақырaң айнадай жып-жылтыр және теп-тегіс болатын. Сол алаң мұның иелігінде. Әкесі мұғалім-тін. Аз ауылдың баласын оқытады. Бор жетіп артылады. Бормен ақ тақырды айқыш-ұйқыш сызғылайды да жатады. Содан басталған машықтан күні бүгін қол үзген емес. Сурет пәнінің мұғаліміне кескіндеме өнері қонып тұрса, оның несі сөкет.

Негізгі тұрақтары ауыл еді. Қалаға кеп орнағалы да бес-алты жылдың мұғдары болды. Екі баласы мен әйелін асырап сақтаудан да бұрын, қаланың сапырылысқан ығы-жығы тірлігінен осы күндері ол мезі боп жүр. Өз басы көндігер еді, шығармашылық машығында іркіліс көп. Тоқырап дағдарғаны былай қалып, колынан шыққан дүниелерінің өңі солғындап барады. Жүздеген картиналарының арасынан бірегей шығармам осы деп тап баса алмайды. Ізденісінде қапы жоқ. Көп ойланады, толғанысы басым келеді. Суретке отырғанда да сылбыр кимылдайды. Апырып-жапырып тастауға әсте жоқ. Содан да әр жазған картинасы бұған кымбатқа түседі. Жербауырлаған өнімсіз машықтан кырықтан асқанша құтыла алмай-ақ қойды. Тақырып таңдағаны да бір жосын. Көп әуреленеді. Әуре емей не, қайдағы бір балтырға бола көшені кезумен жүр. Көз алдынан жалт етіп өте шыққан ақ балтырлы аруды іздеп бармаған жері жоқ. Ең құрыса дидарын ұстап қалса екен. Сырт сымбатының нобайы ғана көз алдында. Тоқ бұрымы тілерсегіне жетіп жығылған сұңғақ бойлы керімнің балтыры керілген иық, қиылған бел, жұп-жұмыр бөксемен мінсіз үйлестікте тіке көзін суыра жөнелген-ді. Алды-артына қарамай автобуспен кете барған әлгіні сиқыршы ма деп те күдіктенеді. Алдамшы елес шығар деп дүдәмал ойға және беріледі. Сырт бітімімен қызықтырған сұлу тұрпат сәт сайын айқындала түседі. Күндіз былай қалып. Түнде түсіне енерін қайтерсің. Алқызыл түсті шолақ жең көйлегі кыпша белін қиылдырып жіберген. Етегі жинақы еді. Тізесін бүркеп тұр. Көйлекті ауыстыра салады. Шашының ұзындығы көңілге демеу. Бәлкім әртіс, әйтпесе биші шығар. Осындай әрі-сәрі жағдайда сән-салтанат орындарын, түнгі клуб, би алаңдарын шолған сенделісінен нәтиже шығатын түрі жоқ.

Зүпіш шай үстінде тосыннан сөз бастады.

- Сенің анауың телефонға маза бермейді. «Байыңды үйде тығып ұстап отырсың» дейді. Айтпаған сөзі жоқ. Ауылға кеткен десем нанбайды.

- Өтірігіңді біліп тұр ғой, - деді Байыс. - Сыртымнан көрген мені көшеде.

- Енді не деуім керек еді? - Зүпіш жылап жіберді. - Дарынсыз деп кекейді сені. «Қызғаншақ, іші тар. Салған дүниелерін жарыққа шығаруға жоқ. Үңгір сағалаған тағы адам тәрізді шеберханадан аттап шықпайды. Сондағы бітіргені не соныңның? Айтпаймысың ақылыңды» деп білгішсіп...

- Бірдеңе дегің келе ме? - деді Байыс салқын томсарып. - Айтып қал айтарыңды.

- Айтсам...сенікі құр әуре. - деді ол қатуланып. - Табиғатты жырлаймын деп жиырма жыл дала кездің. Сондағы жазғаның құрық сүйреткен жылқышы, жолаушылаған шал... айғырлардың төбелесі... бұқаның сүзісі... «Жетім тал» деймісің, «Адасқан қаз» деймісің, «Жұртта қалған күшік» дейсің бе. Сенің ойыңды біліп болмайды. Қисынсыз бірдеңелерді шатпақтап...

- Жөн-ақ! - деді Байыс әйелінің жүріп-жүріп кеп бір-ақ күнде мінез шығарғанына қитығып. - Баяғыдан бері қайда калдың? Ендігің кеш. Жазарымды жазып, айтарымды айтып болғанмын.

- Өйтсең несіне буыласың? - деді Зүпіш нәркес көзіне уыт жиып.

- Мен білмейтіндей-ақ, қарай гөр өзін?! Көше кезіп сенделіп... «балтыр, балтыр» деп былдырлап ұйқысұрайтын кім екен?! Баяғы бір сүйіктіңді ұмыта алмай... содан шығар ісіңнің оңға баспай жүргені. Тауып алсаңшы жатпайтұрмай.

Байыс тұрып кетті. Ойға түскенде мұрнымен әуреленетін әдетімен қолына ерік берді. Саусақтары парасатты ер кейпіне сұс берген көтеріңкі қыр мұрнын адаспай тапты. Жолқанмен қатар өскен-ді. Білмекке құмарлық бұларда басым еді. Содан да бір-бірінен қалыспауға тырысатын. Өлең де жазып көрген. Әнге де үйір еді. Сурет салуға қатар кірісті. Жолқан басынан-ақ алғыр еді. Неге болсын кие-жара араласып, шапшаң кимылдайды. Байыс асықпайды. Күні бүгін сол машықтан жаңылмай келеді. Екі достың тұлға-тұрпаттары да ұқсас. Қатар келе жатқанда бұларға әйел біткеннің назары түспей қалмайтын. Студент кездері-тін.

Алматының кең көшесінде әлдеқалай сымбатты бойжеткенге көздері түскен-ді. Қастарында осы мына Зүпіш бар. «Шашынай!» - деген Жолқан әсерленгіш әдетіне басып. «Шашынан да бұрын балтырын айтсаңшы», - деп Байыс және тамсансын. Сол-ақ екен Зүпіш көзіне ерік берсін. Сол оқиғадан кейін Байысқа аңду түсті. Желек астындағы келіншегі бұны қия бастырмай қойды. Күні бүгін сол әдетінен жаңылмай келеді. Көңілінен шықпай қалса жылай салады. Көз жасымен жасқайды мұны. Жылауық жұбайының әуселесімен әйел затын қыл қаламға іліктіруден жалтарады. Ақ балтырға шығарма арнасам-ау деген ойын жүзеге асыруды алыстатып алғаны содан. Көз көргіш қой. Әсіресе, суретші назары жіті келеді. Әйел тартымдылығына не жетеді. Сондағы сол бір сұлудың сырт тұлғасына арбалып қалғанына таң. Күні бүгін көз алдында жүреді. Одан бері де сандаған иық пен бөксе, киылған бел, сұңғак бой назарынан өтті. Не бір балғын да аппак балтырлы сұлулардың талайын көрді. Кездеспей кеткен кермиық әлі күнге шейін жүрегінің басында жүр. Тағы бір «балтырға» арбалып қалғаны шындыққа жуық.

Ширықты ол барынша. Нені түсінер дейсің осы қатын? Жолқанның азғырғанына еліккені шығар. Бір есептен Зүпіштің сарындауында да қисын бар. Көрпе астында жар құшағында ашылатын сұлу дене ашқарақ тіміскі көздердің сұғына ұшырап, әйелдің бейкүнә уыз тәні жарнамаға шығып жатқанда, өзінің жүріп-жүріп кеп балтырға сұқтанғанына жол болсын?! Сұлудың шырынды еріні, мамықтай үлпек тамағы, аршын төсі мен ақ білегі тұрғанда қай еркек балтырға сұқтанар дейсің. Жұп-жұмыр бөксе, балғын саннан аттап кетіп, балтырды әспеттегені қисынға жата ма? Нәпсі еркіндігіне жол ашылған алқын-жұлқын заманда балтыр құр айтарға ғана. Оған еш еркектің көзі түспейді. Мәнсізденіп біткен, күні өткен балтырдың.

Байысты сағыныш буды. Балаларын ойлап кетіп еді. Жүрегін елжіреткен әкелік сезім көңілінің құрыс-тырысын тарқатып жайландырып тастады. Өнер колледжінде студенттерге суреттен сабақ беретін-ді. Жаңа оқу жылына дейін ауылға барып аунап-қунап қайтуға мұршасы болмай тұрғаны. Сурет көрмесін өткізбекші еді. Облыстық мәдениет басқармасымен келісілген. Тек бір ыңғайсыз жері, Жолқан шығармаларымен біріктірілмекші, мұның еңбектері. Екеуінің картиналары қатар қойылуға тиісті.

Көрмеге дейін «Балтырды» бітіріп тастауға ниет еткен ол қалыптасқан машықтан ауытқымай картинаға ынталана кірісті. Сыртымен ғана көрініс берген ақ балтырлы арудың жүзін бері қаратудың қисынын таппай-ақ қойды. Мойнын сәл бұрғаны керек оның. Онда діттеген тұсқа жете алмай қалғаны ғой. Негізгі нысана балтыр емес пе. Үш аптаны оздырғанда барып кенепке көшкен бейне өңін ашты. Бейтаныс аруды бері қаратуға шамасы жетпеді. Тақыссыған қыл қалам тартыншақтай берді. Қолы жүрмеген соң, оның сырт сымбатына ойысып, есінен кетпей қойған балтырға шұқшиды. Кешқұрымның қоңырлаң сәтін, батар күннің кызғылтым нұрынан шашыраған алқызыл арайды бояулар үйлесімімен айнытпай беруге тырысты. Күннің ұяң кірпігінен шашыраған нәзік тарамдардың ақ балтырға шағылысқандағы ойнақы құбылуын кенепке дөп түсірді. Сонда ғана ол бойын жазды. Толысқан бұла бітіммен мінсіз үйлескен қос балтыр Байыстың көргендегісінен де келісті шықты. Сұлудың салалы саусақтары мытыған қайынды мінсіз шығарудың сәті түскенімен, қайыңға өрмелеген шыбықтай жыланды иректеуге қолы бармай кідіріс жасады. Ағаш асылы қайың, адам аяулысы ару емес пе. Сонда соларға жыланды қарсы қойғаннан не шығады?! Толғанды біраз. Зұлымдыққа да зауал бар. Соның амалын қарастырғанда, кәдімгі «бәкі» делінетін көк шөп түстес жәндік ілікті қалам ұшына. Әлгі жәндік нәп-нәзік шидей аяғын сермеп калғанда, жыланның көзі ағып түседі. Суретшілік қиялынан туындаған бұл нобай кенепке анық түсті. Жол жиегінде әлдекімді тосып тұрған ұзын шашты керім айнадай жарқырап жатқан шағын тоспаны тамашалап тұрғандай еді. Айдында емін-еркін жүзген қос сары ала қазды оның назарына тосты. «Махаббаттың мәні - жұптастықта» дегенді меңзегені-тін. Астарында жалғыздыққа қарсылық бар...

Көрме залы кең әрі еңселі-тін. Жолқан картиналарын есікке қарама-қарсы төрге орналастырды. Келгіншінің назарына бірден іліккені керек. Хандар мен сұлтандар, атақты адамдар қамтылған кескіндеменің бірден көзге түскенін қалаған еді. Ол сурет көрмесін жыл сайын өткізеді. Содан да елең еткізер шығармаларын іріктеп ұсынған-ды. Таяуда ғана аяқтаған соны туындысынан үмітті. «Қарындас» делінген еңбегі «Монна Лизадан» бір де кем болмауға тиісті. Жазған туындысының кейіпкері өмірде бар адам. Түркі елінде өткен сұлулар байқауында «Әлем аруы» атағын жеңіп алған-ды. Көрмені көрсін деп шақырған еді, келіп те қалар. Ол енді досының туындыларына көз жүгіртті. Күңгірт те коңыр түске үйірсек Байыстың қыл каламында бояуларға тіл бітіретін ұтқырлық бар болатын. Сол шеберлігі әр картинасында андағайлап тұрғандай екен. Қолға алған жұмысын айдан айға созып, шабан қимылдайтын ол әр туындысына бар өнерін салып қапысыз шығарыпты. Кенепке жағылған бояулар қатпарына айтайын деген ойын сәтімен сіңіре білген. Жолқанның капелімде жүрегі түйрітпектелді. Үлкен де, кіші де Байыстың туындыларына тесіледі. Пікірлерін ашық білдіріп бір-бірімен дауласып та қалады. Соған қитыққан ол әріптесімен салқын ұшырасты.

- Аманшылық па? - деді Байыс оған жанаса беріп. - Көңілсіз тұрғаның қалай?!

- Мүсіркеймісің? - деді Жолқан одағай сөйлейтін әдетімен. - Сенің мақұлдауыңа ділгер емеспін.

- Бұныңмен не айтпақсың?!

- Арам екенсің!

Байыс бұрылып кетті. Кісі өз осалдығын сезінгенде, сырт көзге сырын алдырып алатыны бар. Соған жатқызды «досының» дөң айбатын.

Кенет, елең етісті көрмені тамашалағандар. Сұңғақ бойына барша әсемдікті жинақтаған бейтаныс аруға қарай-қарай қалысты. Көз біткенді сүріндірген керімнің тұла бойында бір мін жоқ келісті-ақ екен. Байыс оны сыншыл назармен шұғыл шолып өтті. Жолқан келістірген бейнеге аздап келіңкірегенімен, мына бойжеткеннің қабағында көлеңке бар тәрізді. Шаралы қой көзінен ішінің жұмсақтығы байқалады. Бет ажары аршыған жұмыртқадай аппақ. Төгілдіре киген көйлегі өзгеше ерек сымбатын көргіш көздің сұғынан көлегейлеп тұр. Ақ тамағы мен аршын төсі тіке көзге ұрады. Сүйріктей салалы саусақтары, жұп-жұмыр білегі қандай! Байыс бойжеткенді суретшіге тән сыншыл көзбен барлады. Бейтаныс арудың сұлу ажарына арбалған ол бейтаныс бойжеткеннің балтырына жетем дегенше, Жолқан килікті көлденеңнен.

- Күттіріп қойдың ғой, қарындас? - деді ол қатқыл үнмен.

- Еңбегімді еш кетірейін дегенің бе?!

- Кәне оныңыз? - деді ол сәл шытынап.

- Жалғыз сіз емес шығарсыз менің бейнемді салуға жүгіргіштеген.

Залда кісі - қара көбіректеу еді. Бәрінің назары бейтаныс сұлуға ауды. Арудың қабағы сәтте қалыңдап сала берді. Кенепке түскен өз бейнесіне тесіліп аз тұрды да: - Мынауыңыз кім?! - деді кекесінді пішінде, - Қозғалыс жоқ. Мелшиіп тұр.

- Дұрыстап қарасаңшы! - деді Жолқан жалынғандай болып,- Өзіңді айнытпай дәлме-дәл бейнелегені бе жазығым!?

- Әншейін бір қарадүрсін көшірме, өлі нобай, - деді қыз Жолқанға аяушылық білдіріп,

- Менің де, өзіңіздің де уақытыңызды кетіріп... бостан-бос әуреге түскеніңіз-ай!?

Көрме залында шырт тыныштық орнады. Өзінен де сөзі өткір, сөзінен де көзі жіті уытты бойжеткеннің қатуланған сәттегі шырығысынан Байыс оның ішін танып калып еді. Сырт сұлулығынан да жан сұлулығы басым ба, қалай? Және өзінде биік талғам бар сияқты. Көркем өнердің қыр-сырына жетікпеген жан мұншалықты шұғыл байлам жасамаса керек еді. Жолқан қаламының шалағайлығын дөп басқанында қапы жоқ. Оның мына дүниесі шындығында сәтсіз шыққан. Нұр дидарлы періштедей асыл жанды кенепке көңілсіз көшіре салу сұлулыққа қиянат емес пе. Байыс досының мүлт кеткенін салғаннан-ақ байқаған еді. Талант қарымының тапшылығы ойламаған жерде ашылып қалған ол Байысқа дүрсе коя берді.

- Жаның кіріп тұр ғой, ә-ә?! - деді сұмдықтай буылып. - «Жыланның үш кессе де шегіртке құрлы қауқары бар.» Сенің шимай-шатпағыңа кім тұшынар дейсің.

Үлкен-кіші елеңдесті. Байыс қашанғы көтерімділігіне бағып, одан сырт берді. Дызақтаған Жолқанды жақтастары сабырға шақырды. Елдік пен ерлікті бейнелеген туындыларын жамыраса мақтай жөнелді. Беті жылтыр бикешті келістіре алмағанына бола, бүтін еңбектерін жоққа шығаруға болмайды ғой десті.

Ілікке себепкер өзі болғанына қолайсызданған қыз Байыс туындыларына көз тоқтатты. Табиғатты бейнелеген еңбектерін шолып өтті. Әр картинасының астарында салмақты ой жатқандай ма. Шұбырынды соқпақтан аулақтап, соныға із салуға тырысқаны атойлап тұр.

Бейтаныс ару көмірлі қаланың қонағы-тын. Портретін нанымсыз шығарған Жолқанға деген реніші Байыс дүниелеріне ойысқанда сәл бәсеңсігендей болды. Бұл суретшінің де елең еткізер бірегей туындысын көре алмай тұр. Мәскеуде сурет академиясында білімін жетілдіріп жүрген қыздың көркем суретке деген талғамы жоғары болатын. Табиғат сыйлаған көркінің арқасында Түркияда өткен байқауда «Әлем аруы» атағын жеңіп алған еді. Мұнда келген себебі - осында әпкесі тұратын. Көшеден өзін көріп қалып «портретінді салайыншы» деп өтінген соң, үлкен кісінің тілегінен аса алмай Жолқанға келісім берген-ді. Ол кісінің туындыларына да зер салды. Портрет жанрында біршама табысқа жеткенімен, шығармалары ізбасты қасаң қалыптан аса алмаған. Кісіні тартпайды. Фото көшірмедей сіресіп қалған.

Көрме залы кісіге толып кетті. Бойжеткенді баққан көздер оның әр қимылын қалт жібермеді. Қабырғаға ілінген суреттерді асықпай көріп шыққан ол Байыстың балтырды әспеттеген картинасына қатты тесілді. Жол жиегінде көлік тосқан бойжеткен көзіне жылы ұшырап барады. Кескіндемеші мына туындыға барын салып, өзі сомдаған бейненің барша бітімін айқындауға тырысқан сыңайлы. Суреттегі арудың оқтаудай тоқ бұрымы балтырына жетіп жығылған.

Сыптығыр сидаң қайыңды мытыған саусақтары мейлінше салалы көрінді. Қайыңға оратыла өрмелеген түймебастан шошып кеткен ол картинаға ұмсынған қолын тезбе-тез тартып ала қойды. Жыланға айбат шеккен жәндікті түстей алмады. Топ-толық, жұп-жұмыр аппақ сұлу балтыр жанарын суырып барады. Жай бір сәйкестік шығар деп мән бермейін десе де, ішкі бір қозғалысы ырқына көнер емес. Ту сыртымен-ақ өзіне тартқан бейнеге арбалған ол - картинадан көзін айырмады. Суреттегі арудың көйлегі, шашына таққан салпыншағы, құлағындағы сырғасына шейін өзінікінен аумайды. Бәрінен де балтырын айтсаңшы!? Ол қатты аңырды. Бұл неткен сәйкестік?! Нақ өзінің сыңары десе болады. Айнытпай тастаған. Әсіресе балтырын.

Көрме залында тыныштық орнады. Бейтаныс аруды баққан көздерде таңданыс бар. Бір кәптің боларын іштей сезінген күдікпен қос суретшіге алма кезек қарасады. Байыстың үлкен көздері жасаурай қалыпты. Жолқан тұнжырап төмен қарайды.

Осы сәтте күтпеген жағдай болды. Көз біткенді өзіне қаратқан бейтаныс бойжеткен ашық үнмен қатты дауыстап жіберді.

- Мынау мен ғой! Менен аумай қалған! Әсіресе, балтырым сәйкеседі, - деді нық сеніммен.

Суретте мүсінделген «балтырды» салалы сұлу саусақтарымен аялай сипағыштап: - Ға-жа-ап! Ғажа-а-ап! - деп және тебіренді. Байысқа бұрылып: - Сонда сіз емес пе мені сыртымнан бақылаған? - деді сұраулы кескінде,

- Дудыраған шашыңызды, қауға сақалыңызды ұстап қалғамын. «Фотобейнеші ме?» деп бір ойлап... өзіңізден бір түрлі сескеніп... автобусқа қол көтеріп тезбе-тез мініп кеткенмін. Көлігіңіз велосипед еді ғой?

- Иә, иә, нақ солай! - деді Байыс қатты толқып. - Жалғыз түп қайыңға сүйеніп тұргансың.

- Сүйенгенде былай ғой, ағасы. Менің де сурет салуға талабым бар. Жетім қайыңды аяп...

- деді кыз аялы көзіне жас үйіріп.

- Жақсы салыпсыз. Әсіресе, балтырды. Сәтті шыққан. Таңын жарқыратқан, тәнін ашқан бейпілдерге сабақ болуға тиісті. Жалаңаштанып алдық шетімізден. Масқара ғой, масқара!? Балтырдың киесі жібермес-ау!

Байыс толқынысын сабырға жеңдірді. Қыз боталап жылап тұрды.

**Өмір КӘРІП,**
**жазушы.**